

Қала әкімдігінің  
2024 жылғы «07 » астана  
№ 44 қаулысымен  
бекітілген

«Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы  
**ЕРЕЖЕ**

- 1. Адресаттар - «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы»  
адресоры мен мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік деңгээлдерінде жүргізілуде  
жөндеуде жүргізу үшін.
- 2. Адресаттар - «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы»  
адресоры мен мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік деңгээлдерінде жүргізілуде  
жөндеуде жүргізу үшін.
- 3. Адресаттар - «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы»  
адресоры мен мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік деңгээлдерінде жүргізілуде  
жөндеуде жүргізу үшін.
- 4. Адресаттар - «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы»  
адресоры мен мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік деңгээлдерінде жүргізілуде  
жөндеуде жүргізу үшін.

## 1. Жалпы ережелер

1. «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) өз функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдастырылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме.

3. «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Арқалық қаласы әкімдігінің 2011 жылғы «21» шілдедегі № 338 қаулысы негізінде құрылған.

4. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Городской центр обучения языкам акимата города Аркалыка».

5. Мекемеге қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын құрылтайшысы (үәкілетті орган) Арқалық қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Уәкілетті органы) болып табылады.

Мекеменің құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толыктыруларды құрылтайшы енгізеді.

Мекеменің мемлекеттік басқару органы болып «Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Мемлекеттік басқару органы) болып табылады.

6. Мекемеге қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісін жүзеге асыратын құрылтайшысы Арқалық қаласының әкімдігі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

7. Заңды тұлғаның тұрган жері: 110300, Қазақстан Республикасы, Костанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29-үй

## 2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме ол мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес дербес тенгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай –әк оның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді.

Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет каражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-күқықтық мәмілелері, олардың Қазакстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгенен кейін, күшіне енеді.

### **3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

13. Мекеме қызметінің мәні: «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Занын іске асыру бойынша қалада біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу ді қамтамасыз ету болып табылады.

14. Мекеме мақсатқа кол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мемлекеттік, ағылшын, Қазақстан халқының басқа да тілдерін оқыту, мемлекеттік қызметкерлерге, сондай-ақ тұрғындардың басқа да әлеуметтік топтарына окуды үйымдастырып, қажетті материалдық-техникалық, оқыту-әдістемелік күралдармен қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік және мемлекеттік емес үйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындар мен мемлекеттік тілдің қоғамдық функцияларын дамыту, кеңейту мәселелері бойынша өзара қарым-қатынас жасайды;

3) мемлекеттік органдарға, ведомстволарға, кез-келген меншік нысандағы кәсіпорындармен үйымдарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға деректемелерді, көрнекі ақпаратты «Қазақстан Республикасы Тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Занының талаптарына сәйкес рәсімдеу, іс қағаздарын тіркеу, күжаттарын аударуды жүзеге асыру кезінде тәжірибелік көмек көрсету;

4) тілдік ортада мемлекеттік тілдің басымдылығын арттыру бойынша іс-шаралар үйымдастыру, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстар, кездесулер, тілдерді дамытудың өзекті мәселері жөнінде іс-шаралар өткізу, ұлттық-мәдени бірлестіктердің ана тілдерін дамыту мәселесі бойынша көмек көрсету;

5) мекемелер мен үйымдарға «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Занының талаптарына сәйкес майдайша жазуларды, сыртқы ақпараттарды, билбордтарды тәртіпке келтіру бойынша тәжірибелік көмек көрсету;

6) өнірдегі тілдік ахуалды талдау және мониторинг жасау үшін социологиялық зерттеулер жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес басқа да қызмет түрлері көрсетіледі.

Мекеме осы Ережеде бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауга күкілі емес.

15. Мекеме қызмет мақсаттарына қайши жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі зандарында немесе құрылтай күжаттарында, немесе басшының жарғылық күзыретін бұза отырып жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының (Уәкілетті органның) немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

16. Мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті енбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

#### **4. Мекемені басқару**

17. Мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы «Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» жүзеге асырады.

18. Мекеменің уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) Мекеменің мулкінің сакталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Мекеменің ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) Мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілдіктер мен міндеттер мен мекеменің жоспарын қабылдау тәртібін анықтау;
- 6) мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін анықтайды;
- 7) мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 9) мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімен береді;

10) мүлік жөніндегі уәкілетті органдың келісімі бойынша респубикалық мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті аткарушы орган комуналдық мекемеде қайта үйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды);

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Мекеменің басшысы мекеме жұмысын үйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

21. Мекеменің басшысы дара басшылық жасау қагидасы бойынша әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мекеменің ережесінде айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мекеменің қызметкерлерін, оқытушыларын іссапарларға, тағылымдамаларға, респубикалық, облыстық, оқу орталыктарына окуга, біліктіліктерін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 8) мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелей және тәртіптік жаза шараларын колданады;
- 9) әдіскерге және мекеменің қызметкерлер мен оқытушылардың міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 10) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы ережемен және тиісті саланың үәкілетті органы «Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;
- 11) Банк шоттарын ашады.

## **5. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

23. Мекеме мүлкін бағасы оның тенгерімінде айқындалатын занды тұлғаның активтері құрайды . Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың :
  - 1) оған меншік иесі берген мүлік ;
  - 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (акшалай кірістерін коса алғанда)
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады .
24. Мекеменің дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқы жок .
25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады .
26. Мекемені қаржыландырылу қалалық бюджеттің есебінен жузеге асырылады.
27. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және заңнамаға сәйкес есеп беруді ұсынады.
28. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметтің тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың үәкілетті органы жүзеге асырады.

## **6. Мекеменің жұмыс тәртібі**

29. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасындағы нормаларга қайшы келмеуі тиіс.

## **7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

30. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады, және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақтық тіркеу органдарында тіркеледі.

## **8. Мекеменің қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

31. Мекеменің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

33. Таратылған мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың тараптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған акшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.